

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RTKX8928>***Ғ. Е. Имамбаева¹, Г. Ж. Асылханова², А. Б. Ахметова³**^{1,2}Инновациялық Еуразия университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.³Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.*e-mail: lady.gaysha@mail.ru¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6726-2940>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9490-4275>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5183-6962>

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ

Ғылыми мақала қазіргі қоғам ішіндегі тілдік қарым-қатынастағы қазақ халқының ұлттық мәдени мұраның көрінісіне арналады. Мақалада қазақ тілін әрі қарай дамытуда ұлттық мәдени мұраның қосар үлесі туралы айтылады. Себебі ұлттық мәдени мұра ол кез келген халықтың рухани байлығы, алтын қазынасы. Сондықтан болар ұлттық мәдени мұра, әсіресе, тілдік коммуникацияда ерекше орын алып ұлттың болмысына қызығушылық тудырып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға жол ашады. Ұлттық мәдени мұра жайлы бірқатар ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, тілдік қатынастағы олардың ерекшеліктерін айқындау мәселелері қарастырылады. Бұл жерде ұлттық мәдени мұраға не жатады деген сұрақ туындайды. Шынын айту керек, «ұлттық мәдени мұра» ұғымының ауқымы кең. Мәселен, ұлттық мәдени мұраға қазақ халқының салт-дәстүрін де жатқызуға болады. Ұлттық мәдени мұраның негізі болатын бірқатар салт-дәстүр түрлерін келтіре отырып, мақала бетінде олардың адамдар арасында тілдік қатынас жасаудағы танымдық ақпарат беру, сөздік қорын молайтумен, өз халқына деген сүйіспеншілік пен қызығушылық артатыны жайлы айтылады. Қазіргі қоғамда адамдар арасында тілдік қатынасты әрі қарай дамытуда ұлттық мәдени мұраның рөлі ерекше. Себебі тілдік қатынас тамыры тереңге кеткен өмірде өзіндік орны бар қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік

ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы – адамдар қатынасының түп қазығы. Сондықтан ұлттық мәдени мұра тілдік қатынастың қайнар көзі, рухани байлығы деген қағида мақала бетінде орын алды.

Кілтті сөздер: ұлттық қазына, мәдени мұра, тілдік қатынас, салт-дәстүр, қоғамдық қатынас, әлеуметтік мәселелер, тілдің дамуы.

Кіріспе

Қазіргі кезде еліміздің қарқынды дамуына байланысты адамдар арасындағы қарым-қатынасты дұрыс жол бағытымен нығайту мәселесі туындап отыр. «Тарихсыз болашақ жоқ» – дегендей, адами коммуникация мәселелерін шешуде халқымыз ерекше бағалайтын асыл қазынамыз: салт-дәстүріміздің үлкенді – үлкендей, кішіні – кішідей қатынастықтың сыйсияпаттық үлгілерін алға тартуымыз керек. Шынын айту керек, адамдар арасында қалыптасатын коммуникацияның басты құралы – тіл. Қазіргі уақыттың талабына сай, елімізде қазақ тілді коммуникация қоршауын орнықтыру мәселесі алға қойылып отыр. Жаңаша тұрғыдан мемлекеттік тіл – қазақ тілінің де қолданыс аясын кеңейту жақтары қолға алынууда. Сондықтан болар, жоғары оқу орындарының тілдік емес мамандықтар студенттеріне қазақ тілін оқытуда олардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін тиімді жолдарын іздестіруіміз қажет.

Бүгінгі таңда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты көптеген зерттеулер жүргізіліп жатса да, әлі де бұл мәселе өзінің тиісті шешімін таппай жатыр. Қазақ тілі қазіргі кезде қазақ халқының қарым-қатынас тілі болып отыр. Он тоғыз миллионға жуығы елімізде, төрт миллионнан аса адам шет жұртта. Қазір ұлттық санамыз бен мәдениетімізді көтеру үшін өз тілін өгейсітіп отырған қырық пайызға жуық халқымызды қатарға қосу ісі – әсіресе тілші ұстаздардың міндеті деп білеміз. «Тіл – адам» жүйесіндегі адамның рөлі мен орнын сипаттаумен ерекшеленеді. бұл тіл білімінің басқа ғылыми салалармен мысалы, мәдениеттану, тарих, этнография, когнитивизм, психология, халық педагогикасымен, әсіресе ұлттық мәдени мұра үлгілерімен түйісіп, тығыз байланыста болуды қажет етеді.

Қазіргі уақытта гуманитарлық білім, жалпы мәдениет саласында орын алатын халықтар арасындағы қарым-қатынастық диалогтің шекарасын ашып, кеңейтуге итермелейтіні рас. Бұл жерде адам ең әуелі, өзінің ұлттық мәдениетін жақсырақ білуге талпыныс етеді, сонымен қатар қарым-қатынасқа түскен басқа ұлттың өкілдері де, ұлттық салт-дәстүрімізге қызығушылық етіп, коммуникация жүйесінде қазақ тілінің рөлі арта түседі. Тәжірибе көрсеткендей, ғасырлар бойы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жаңа

ұрпақты қоғам өміріне жетелеп, ұлттық тұлғаны қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі болатыны сөзсіз.

Қоғамда өмір сүретін әрбір адам әрқашанда өзінің әдет-ғұрпы мен дәстүрінің аясында болады. Ұлттық мәдени мұра үлгілері қазіргі тұлғаның қалыптасуына, оның қоршаған ортамен ғана емес, әлемдік қарым-қатынасқа мәдениеттік әдепті сақтап, ұтымды шығуға елеулі үлес қосады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» [1, 3].

XXI ғасыр азаматтардың жауапкершіліктерін арттыруға арналған көптеген талаптарды алдарына қойып отыр. Дамыған қоғамға тамыры терең тарих пен ұлттық дәстүрге негізделген бәсекеге қабілетті мәдениет қажет. Демек, қоғамдық сананы жаңғырту идеясы заман рухына сай келеді. Өз халқының мәдени құндылықтарын түсіну, туған елінің тарихын білу және басқа этностардың дәстүрін құрметтеу, сонымен қатар мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің қолданыс аясын әрі қарай дамыту істері – Қазақстанды жат идеологиялардың ықпалынан нақты қорғауы болады.

Сөз жоқ, өзінің бірегей мәдениетін сақтау, барлық жаңалықтарға ашық болу және басқа халықтардың құндылықтарына құрмет көрсетуі Қазақстан ұлтының мәдени көрінісінің негізін қалыптастырады. Өз кезегінде ашықтық пен қарқынды ұстанымдарды қабылдаумен теңдестірілген ұлттық бірегейліктің берік негізі жаһандық өзгерістер дәуірінде өмір сүретін қоғам үшін сенімді тірек болады. Шын мәнінде, елімізді жақсартуға бағыт алған жаңғырту істері ұлттық мәдениетті сақтамай жүзеге асырыла алмайды. Қазақстан халқы өзінің тарихи бастауларын, мәдени дәстүрлерін білетін, жарқын болашаққа ілесетін ұлттың жаңа келбетін көрсетуі тиіс.

Қоғамдық өмірдің белсенділікті артып, даму жағдайында адамдар арасындағы тілдік қатынастың әмбебаптық қалпын жасау, бізше, халқымыздың ұлттық мәдени мұраларымызға оралу арқылы іске асады. Аталмыш мақала көлемінде тілдік қатынасты жүзеге асыруда ұлттық мәдени мұраның айрықша атқарар рөлі туралы айтуды жөн көрдік. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері тек қана үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда ғана емес, жалпы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткен қазақ ұлтының тілдік қатынас үлгісін әлемге танытуда үлкен рөл атқарады.

Сол себептен әлемдік тәжірибені басшылыққа ала отырып, тілдік қатынастың басты құралын – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда дәстүрлі және инновациялық технологияларды ұштастыру қажетті

деп білеміз. Сайып келгенде, қазіргі қоғамдық болмысты жақсартуда, мәдениаралық коммуникацияны жетілдіруде, ұрпақтар қалыптастырған тілдік қатынас үлгілерін жасауда ұлттық мәдени мұра ерекше орын алады.

Материалдар мен әдістері

Көптеген жылдар бойы тіл арқылы адамдар арасындағы тілдік қатынасты жетілдіру мәселелері А. Байтұрсынов [2], С. Аманжолов [3], И. Маманов [4], Г. Қалиев [5], Ғ. Имамбаева [6] және басқалар сияқты ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде «коммуникативті құзыреттілік» ұғымы көрініс тапты. О. Карапетян мен Т. Мясковская [7], С. Савингтон [8] сияқты лингвист ғалымдар «коммуникативті құзыреттілік» тұжырымдамасының генезисін жасауға үлкен үлес қосты.

Батыс Еуропа мен АҚШ-тың қазіргі дидактикасында: «коммуникативті құзыреттілік – оқушының нақты ауызекі сөйлесу жағдайларда барабар қарым-қатынас жасау қабілеті және оның мінез-құлқының әлеуметтік-мәдени нормалары мен сөйлеудің коммуникативті орындылығын ескере отырып, сөйлеу қарым-қатынасын ұйымдастыра білуі», – деген түсініктеме беріледі [7].

Поляк ғалымдарының ішінен В. Кравчик-Василевска пікіріне сүйенетін болсақ, поляк фольклор тарихындағы халық дәстүрлерінен қазіргі цифрлық технологияларға дейінгі халық ертегілерінің жинақтарына шолу жасады. Олар сондай-ақ өте бай поляк фольклорын, халықтық дәстүрлерді және олардың ғылыми зерттеулерін танымал ету арқылы ертегілер жинағы цифрлық дәуірдегі еуропалық және әлемдік мәдени мұраның құнды бөлігі болып табылатынын көрсетті [9, 150–161].

Испан ғалымдары: Сьюл Хулиана Лендо, Хандойо П. Видодо, Сайидатул Фадила, Цабита Р. Коннита кез келген тіл оқулығы әрқашан мәдениетке бай екендігін айта отырып, сол тілге қатысы бар оқулықтардың жұртшылыққа мәдени мұраны қаншалықты жеткізе алатына қатысты сұрақтар қойып, талқылауға салады. Білім беруде мәдени құндылықтар жайлы ақпаратты кеңінен жеткізу жақтары да негізге алынған. Олар Индонезияда қолданылатын неміс тілінің шет тіліндегі оқулықтарындағы мәдени бейнелеудің сыни дискурстық талдауын интеграцияланған түрін әлеуметтік семиотикалық тұрғыдан ұсынды [10, 580–599].

Қытай ғалымы Сюн К. әдебиетте елдің ұлттық мәдени мұрасының тарихи дәлелі ретіндегі ел мен халықтың бай тарихи және мәдени дәстүрлері бар екенін атап өтті. Халықтық дәстүрлер, отандық әдебиет адамдардың күнделікті өмірін реттеуге және қалыптастыруға әсер етіп, жергілікті мәдени өмірдің, дәстүрлердің инновацияның негізі болып қала береді деген қорытынды жасады [11, 437–440].

Ресейлік ғалым-энциклопедист Г. Д. Томахиннің пікірінше, ұлттық-мәдени компонентті пайдалану әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің қалыптасуына, сонымен қатар білім алушылардың осы салаға деген ынтасы мен қызығушылығын тудырады [12, 23]. Сондай-ақ шетел мен ресейлік ғалымдардан басқа тілдік қатынас жайлы белгілі қазақ ғалымы Ф. Оразбаева да өзінің «Тілдік қатынас» деген еңбегінде айтып кеткен.

Адамгершілік мәдениетінің теориялық-әдіснамалық негіздері отандық ғалымдар К. К. Жампейісова, К. Б. Жарикбаев, С. К. Қалиев, Б. И. Мұқанова, Г. К. Нұрғалиева, С. А. Ұзақбаеваның зерттеулерінде қарастырылған. Халық мәдениетінің бастауларына қайта оралу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жаңғырту – өз тарихын біліп, оны қастерлеп, құрмет ететін өскелең ұрпақ үшін құнарлы ортаны қалыптастыруға бағыт алуды талап етеді.

Тілге қатысты ғылыми әдебиеттерді талдау барысында қазақ тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың жаңа әдістемесін әзірлеу ісі – осы кезге дейін әдіскер-ғалымдар арасында өкінішке орай, толықтай жүзеге асырылған жоқ деп атап кетуге тура келеді. Жаңа әдістерді қолдану және әлеуметтік-мәдени құралдардың болуы тіл мен оның мәдениетін тереңірек зерттеуге ықпал етеді.

Мақала көлемінде сөз етілетін зерттеудің пәні – қазақ ұлттық мәдениетінің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін білу негізінде қазақ тілді коммуникация жүйесін құрастыру «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы [13] жастардың бойында жоғары адамгершілік қасиеттерді белсенді қалыптастыруды талап етеді: ұлттық мақтаныш сезімі, патриотизм, адамдарға адамгершілік көзқарас, өз мәдениетін құрметтеу, халықтың өзіндік ерекшелігі, адамгершілік мінез-құлық, бұл болашақ маманның жеке басын қалыптастырудың жаңа парадигмалық тәсілдерінің қалыптасуын айқындайды. Бұл жағдайда болашақ жас тұлғаның өз халқының рухани құндылықтарымен, оның ұлттық халықтық дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен мұқият, тереңірек танысу қажеттілігі бұрынғыдан да артып, туындайды, оның әлеуетінде шын мәніндегі адамгершілік принципін объективті түрде қаланып қалыптасады.

Сондықтан болар қазақ тілді коммуникация жүйесін орнықтыруда, халқымыздың асыл мұрасы: салт-дәстүрлерімізге қайта оралып, меңгеріп алуға бетбұрыс жасауымыз керек. Бұл жерде білім алушы тұлға болашақ маман өзінің тамырын туған жерін қадір тұтып, болашақта өз бойындағы адамгершілік қасиеттерін қоғамның жақсаруына жұмсап, халқымыздың құндылықтарын адамгершілік дүниетанымының негіздерін дамытуға бар күш-жігерін салады. Негізінен «тілдік қатынас», «коммуникативтік құзыреттілік», «тіл әдістемесі» деген ұғымдардың арасында ортақ байланыстыратын жүйе бар, ол – тілді жетік меңгеру жүйесі. Шынын айту керек, ешқандай

тілдік қарым-қатынас тілсіз өтпейді. Адамдар арасында қазақи тілдік қатынас тек қазақ тілін, қайткенімен, меңгергендермен ғана ауызекі сөйлесу коммуникациясы болуы ықтимал. Осы жайт бізді коммуникативтік құзыреттіліктің әдістемесін шығаруға итермелейді. Сөйтіп, адамдарды қазақ тілді коммуникацияға жетелеудің бір жолы – ұлттық мәдени мұрамыз: қазақ халқының салт-дәстүрлерін тірек етіп, тілді меңгертуде қолдана білу.

Тіл үйретушілерге кеңес ретінде, мәселен, жоғары оқу орындарының тілдік емес мамандықтарының білім алушыларына қазақ тілін оқытқанда, оқу бағдарламаның негізгі тақырыптарымен қазақи бір салт-дәстүрдің түрін ұштастыра отырып, жағдаяттық қатынастық көріністі енгізуін өткізуге болады. Бағдарлама бойынша, жай сөйлемдердің түрлерін «Құдалық» салтымен байланыстырып өткізсе, күрделі сөйлемдерді оқытқанда «Үйлену тойымен» ұштастыра меңгерткеннің пайдасы мол.

Елімізге танымал жазушы Сейіт Кенжеахметұлы өзінің «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» атты тарихи-зерттеу еңбегінде оларды «ата мұраң-асыл қазынаң – дей келе, әзірше тек 150 салт-дәстүрге ғана анықтама бердім» – деп, сол туындының алғы сөзінде айтып кетеді [14]. Салт-дәстүрлердің алуан түрлерінен біз «Үйлену тойдың» алдында болатын «Құдалық» рәсімін білім алушыларға «Жай сөйлем» тақырыбын өткенде бергенді жөн көрдік, себебі «Құдалықта» болатын екі жақтан тілдік қарым – қатынас, жас жұбайлардың ата-аналары бір-бірін жақсы білмегендіктен, сөздік орамдары қысқа, әрі нұсқа болады, бұл сөйлем ерекшелігі жай сөйлем жүйесіне тән.

«Құдалық» – неке салтының ең маңызды және міндетті рәсімі. Құдалыққа құдалар жиналып, үйлену тойының барлық өту жақтары туралы келіседі: той күні, өтетін орны, шақырылатын қонақтар саны жайлы және т.б. Тілдік қатынасқа түсетін білім алушылар сабақтың тақырыбын өтуде «Құдалық» рәсімімен таныса отырып, сол салттың үстінде болатын тиісті дәстүрге сай, сөйлем, сөз қолданыс орамдарын айтуға мүмкіндік туады және де салт қойылым көрінісіне қызығушылық етуімен бұл жайт қазақ тілін меңгеруге өзіндік ықпалын тигізеді.

«Үйлену тойы» – күйеу жағының негізгі тойы. Бұл қазақи салт-дәстүрдің ең қызықты әрі күрделі түрлерінің бірі. Үйлену тойының басты көріністерінің бірі – «Беташар» рәсімі. Той үстінде ақын-жыршы беташар әнін орындайды, тиісті бабымен күйеудің ата-анасымен және туыстарымен таныстырады. Келін олардың әрқайсысына құрмет етіп, иіліп сәлем береді, ал олар өз кезегінде келін көрімдігі деп, арнайы ыдысқа ақша салады. Жыршы да ақшамен сыйға тартылады. Бұл салтпен құрмалас сөйлем түрлерін ұштастыра оқытқан жөн деп білеміз.

«Жар-жар» – қазақтың дәстүрлі той әні, жастардың үйлену тойында қалыңдықты ұзату кезінде орындайтын әні. Дегенмен қазір қыз ұзатуда ғана емес, үйлену тойларында қойылым көрінісі түрінде де тікелей қолданылады. Білім алушылардың қойылым көрінісіне қатысу арқылы тілдік коммуникацияға түсуге бұл жерде мүмкіншілік туады. «Жар-жар» әнін айту арқылы білім алушылардың қазақ халқының тілін меңгеруге эмоционалды және жағымды көңіл күй қалыптасып, қызығушылықтары арта түседі.

Шындығында, адамдар арасындағы тілдік коммуникация өзінің тиісті бағытымен нәтижелі өту үшін, тілді білмеу кедергілері болмауы қажет. Өкінішке орай, қазіргі кезде басқа ұлт өкілдері былай тұрсын, өз қазағымыздың кейбіреулері қазақша мүлдем сөйлемей, қолданыстан алып тастап жүр. Қазіргі таңда осы тілдік жағдай күрделі мәселелердің санына жатып тұр. Қайткенімен, бұл мәселені шешудің бір жолы-қазақ тілді қатынасты халқымыздың салт-дәстүрлері негізінде жасау. Синтаксис бөлімін меңгеру кезінде білім алушылар әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің қойылымдық көріністеріне тікелей қатысуға қызығушылық артады.

Мәселен, көшпелі көршілерінің немесе туыстарының құрметіне сыйсияпатты «Ерулік» деп атайтын салт-дәстүр арқылы жаңа ғана танысып жатқан адамдар арасында бір-біріне мейірімдік тілдік қатынастың орнығуы орын алады. Халқымыздың жомарттықпен жайылған дастарқан негізінде көршілер бір-бірімен танысып, қарым-қатынас жасап, жақындай түскен. Қазақ халқы қыз-келіншек, жасөспірім, бойжеткен арасында орын алатын тілдік қарым-қатынасқа ерекше мән берген. Қыз баланы қыз етіп тәрбиелеу ісі қазақ салтының маңызды жақтарының бірі болған. Бұл жерде қыздар арасындағы тілдік коммуникацияның көрінісі ретінде «Бастаңғы» салт түрін келтіруге болады. «Бастаңғы» – қазақ жастарының дәстүрлі ойын-сауықтарының бірі. Бастаңғыны әдетте үйдегі бой жеткен қыз жасы үлкен отбасы мүшелерінің бірінің көбінде, ата-анасының бір жаққа кетуіне орай құрдастарына жас келіншектерге арнап, дәм тартуын ұйымдастырады. «Бастаңғыны» өткізудің негізгі мән-жайы- үлкендердің біреуінің кетуіне байланысты сапары сәтті болуы үшін үйде қалған жас қыз-келіншектердің өздері шамалас жастарды әртүрлі тағамдар даярлап, дастарқан жайып, шақыруы. «Бастаңғы» салт-дәстүрі өзінің күнделікте жиі қолданыста болатын сөз орамдарымен тіл үйренушілерге тілдік қатынас жасауға өте ыңғайлы.

Сонымен, жоғарыда келтірілген салт-дәстүр түрлері білім алушылардың қазақ тілін меңгеріп алуға ықпал етіп, қазақи тілдік қатынасқа шығуға мүмкіндік береді. Себебі тілді меңгеруде теориялық білімнен гөрі, жағдаяттық тікелей қарым-қатынасқа шығу – әлдеқайда ұтымдырақ. Тілдік коммуникацияға түсетін адамдардың ауызекі сөйлеу тілі тілдік қатынасқа

жарамды болу, болмау деңгейін тек қызығушылық артқан салт-дәстүрдің тілдік қоршауындағы тілдің қолданысынан байқауға болады.

Бізше, тілдік қатынас тиісті деңгейіне жетуде, тілді меңгеруде қалыптасқан дәстүрлі әдістермен, мәселен, салыстыру, салғастыру, сұрыптау, ойын әдісі, жинақтау тағы басқалармен қоса, өз тарапымыздан, салт-дәстүрлі жағдаятқа түсу, қойылым көріністерін қабылдау, есту-көру арқылы басқа тілге бейімделу, тілді меңгеру мен қолдануда болатын кедергілерді жеңе білу, коммуникативтік құзыреттілікті жасау әдісін алға тартып отырмыз. Мақала барысында ғалымдардың зерттеу еңбектерін басшылыққа ала отырып [4], [14], өз тарапымыздан салт-дәстүр жағдаяттары негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мәселелерін шешуге бетбұрыс жасадық.

Нәтижелер және талқылау

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу-азаматтың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды жақтарының бірі. Адамның отансүйгіштік қасиеттері, халықтың рухани мұрасын, мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеу қазақ тілін білудің арқасында қалыптасады. Сол себептен ұлттық мәдени мұрамыз адамдар арасында тілдік қатынас жасау үшін, қазақ тілін меңгеріп алуға да ықпал етіп, бағыт береді. Ұлттық мұраға жататын салт-дәстүріміз тілдік қатынас көріністер қойылымдарынан тұратындықтан, сол жағдаятқа түскен кез келген тұлғаны тілге бейімдетіп, тілді меңгеруге бағыттайды.

Жақын арада әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін әзірлеу ісі қолға алынуы керек. Бұл әдістеме қазақ тілін игерудің негізгі жолы деп білеміз. Әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында, жаңадан құрылған тілдік әдістемені білім алушылардың оқу үрдісіне ендіруде мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеріп алуға жол ашылады.

Мақала тақырыбына қатысты жұмыс өткізу барысында байқағанымыз: білім алушылардың таңдап алған бір салт-дәстүр шеңберінде тілдік қатынасқа шығудағы тілдік қолданыс нәтижелері аудиториялық сабақтан гөрі, қайткенімен, жоғары көрсеткішке ие болды. Ол көрсеткіштер білім алушылардың қазақи салт-дәстүрімізге қызығушылық артып, тілдік қатынасқа шығуда тиісті сөздер мен сөз орамдарын қалау ынтасымен жаттап, тез меңгеріп алуында жатыр. Осындай жасанды тілдік қатынастан алынған сөздік қор нәтижелерін білім алушылар өзіндік жұмысын ұйымдастыруда, сондай-ақ күнделікті өмірінде пайдалана алады. Қазақстан үшін негізгі мәселе – қазақ тілін бірінші кезекте сақтап, қолданыс аясын кеңейту арқылы әрі қарай дамыту.

Алдымызға қойылып тұрған өзекті мәселелерді шешу барысында елімізде қазақи тілдік қатынас орнықтыру үшін, халқымыздың ұлттық мәдени

мұрасын үлгі етіп, кең түрде насихаттауымыз қажет. Ұлттық мұраға жататын қазақтың салт-дәстүр түрлерінің әрқайсысында тілдік қазына материалы жатыр. Көне дәуірінен келе жатқан тілдік материалдарды жинастырып, қазақ тілін меңгертуде кең түрде қолдануымыз керек. Осы жайлы білім алушылар арасында сауалнамалық сұрақтар өткізгенде, көбісі тілге үйретудің жаңаша түрі ретінде жағдаяттық қарым-қатынас арқылы тіл меңгерудің тиімді жолдарының бірі деп атап кетті. Қоғамдық өмірдің қарқынды даму жағдайында тілге оқытудың әмбебаптық формасы ұлттық мәдени мұраға бетбұрыс жасау арқылы өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Қазіргі тәжірибе бойынша дәстүрлі мен инновациялық технологиялармен тілдік қатынасқа шығуға жол ашатын ұлттық мұра үлгілерін барынша мемлекеттік тілді меңгертуде қатыстыра отырып, ұтымды ұштастыруымыз тиіс. Тілдік коммуникация жасауда, қазақ тілін меңгеруі жайлы білім алушылардың пікірлерін білу үшін, сауалнамалық сұрақтар қойып өткіздік. Сауалмадан алынған жауап нәтижелері төмендегідей болып шықты. Сауалнамаға қатысқандар қазақ тілін меңгеріп алуы оларға кәсіби қызметте көмек етеді деп есептейді.

Сөйтіп, көпшілік қауымның пікір алмасу деректері мемлекеттік тілді меңгерудің уәждемесін айқындайтын негізгі себептердің көрсеткіш дәрежесін белгілеуге мынадай жауаптар арқылы мүмкіндік берілді: «Мен өзімнің азаматтық борышым деп санаймын» – деп, қазақ тілінің өкілдері – 97,8 % пікірлері болса, 95 % – орыс тілді басқа ұлттар пікірлерінің пайыздық көрсеткішін құрады. Сонымен қатар мынадай жауаптар да орын алды: «Мен болашағымды Қазақстанмен байланыстырамын» (98,4 % және 91 %); «қызметтік мансап үшін қажет» (57,8 % және 50%). Келтірілген көрсеткіштер – еліміздегі қазіргі жастардың қазақ тілін меңгеріп алуға деген қызығушылықтың жылдан жылға артып келе жатқанның дәлелі.

Халықтық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, әлеуметтік-әдептілік талап-ережелері тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға орасан зор ықпал ететін оқу-тәрбие үрдісінің жетекші жақтары болып табылады. Сондықтан өз тілін білмей, өгейсітіп жүрген қандастарымызды қатарға қосу мақсатында басқа ұлттың өкілдерін қазақшаға үйрету үшін, тілді меңгертудің жаңа әдістемесі қажет. Сонда ғана қазақ тілді қарым-қатынастық ортасы шығуы мүмкін. Бұл игі істі, біздің ойымызша, тіл әдістемесін қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары үлгілерімен ұтымды ұштастырып, байланыстырғанда ғана іске асады.

Асыл мұрамызға жататын қазақи дәстүрлер, әдет-ғұрыптар – бұл халық даналығының, халықтық тәрбие жүйесінің құрамдас бөліктерінің кешені. Оларда дәстүрлі қазақ халқының адамдар арасындағы тілдік қатынастың ұлттық ерекшелігі жатыр. Шынын айту керек, тілдік коммуникация

шеңберінде салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің өзегі болып табылады.

Қорытынды

Сонымен, қорыта айтқанда, ұлттық мәдени мұра үлгілері адамдар арасындағы тілдік коммуникацияда айқын көрініс табады. Ұлттық мұраға жататын әр салт-дәстүрдің түрлері тілдік қатынас қойылымдардан тұрады. Сол себептен осы жайт білім алушыларға қазақ тілін меңгеруде көмек етіп, тиімділігімен ерекшеленеді. Қазақ тілін меңгеруде халықтық мұра үлгілерін пайдалану жақтары әлеуметтік-мәдени құзыреттілік пен коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Демек, тілді меңгеруде кездесетін қиындықтар мен кедергілерін жеңуге бағытталған әдіс-тәсілдер қазақи салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қарым-қатынас үлгілеріне жататындықтан, оның негізі коммуникация болып табылады. Ұлттық жағдаят шеңберінде жасалып жатқан қарым-қатынас арқылы ауызекі сөйлеу кезінде адамдар арасында қарым-қатынастық байланыс орнатылады.

Жалпы айтқанда, халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білу негізінде коммуникативтік құзыреттілік әдістемесі қолданысқа түседі. Бұл әдістеме арқылы кез келген тұлға өз бетінше тілдік қатынастарға түсіп, тілді меңгеру деңгейін барынша көрсете алады. Сондықтан болар тілдік коммуникацияны ұлттық мәдени мұрамен ұштастыру ісі-қазақ тілін меңгерудің дұрыс жолы, сол арқылы әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік құзыреттілік әдістемесі білім беруде кеңінен қолданысқа ие болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Тоқаев, Қ. К.** Тәуелсіздік бәрінен қымбат [Текст] // Егемен Қазақстан. – 2021. – № 2 (29981), 5 қаңтар.

2 **Байтұрсынов, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері: оқулық [Текст]. / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы. – 2013. – 640 б.

3 **Аманжолов, С.** Тіл және жазу. – Язык и письмо: оқулық [Текст]. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті. – 2020. – 404 б.

4 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері: оқулық [Текст]. – Алматы. – 2014. – 640 с.

5 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің сөздігі: оқу құралы [Текст]. – Алматы: «Фирма «Орнак» ЖШС. – 2012. – 388 б.

6 **Имамбаева, Ғ. Е.** Қазақ тілі. Практикалық курсының жұмыс дәптері: оқу құралы [Текст]. – Алматы: Арыс. – 2014. – 212 б.

7 **Savignon, S. J.** Communicative Competence [Text] // The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching. – 2017. – P. 1–7. <https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0047>

8 **Карапетян, О. В., Мясковская, Т. В.** Сопоставительное лингвострановедение и фоновые знания как основной предмет лингвострановедения [Текст] // Альманах современной науки и образования. – 2012. – № 4. – С. 120–123.

9 **Krawczyk-Wasilewska, V.** Polish Folk Tale Archive : From Analog to Digital. [Text] // Fabula, – 2023. – 64(1–2). – P. 150–161.

10 **Lendo, S. J., Widodo, H. P., Fadlilah, S., & Qonnita, T. R.** Cultural representation in German as a foreign language textbooks used in Indonesia : A critical social semiotic analysis. [Text] // Foreign Language Annals, – 2023. – 56(3). – P. 580–599.

11 **Xiong, K.** Folk Literature Production and People's Daily Life in the Hinter Land of Mount Ailao. [Text] // In 2nd International Conference on Culture, Education and Economic Development of Modern Society (ICCESE 2018). – 2018. – P. 437–440. Atlantis Press.

12 **Томахин, Г. Д.** Лингвострановедение. Что это такое? [Текст]. // Иностранные языки в школе. – 1996. – № 6. – С. 22–27.

13 Білім туралы [Текст]: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.

14 **Кенжеахметұлы, С.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: оқулық [Текст]. – 2 басылым. – Алматы : Атамұра. – 2013. – 384 б.

References

1 **Tokaev, Q. K.** Tauelsizdik barinen qymbat [Independence is more precious than anything] [Text] // Independent Kazakhstan. – 2021. – № 2 (29981), – 5 January.

2 **Bajtursynov, A.** Qayaq til biliminin maseleleri [The issues of Kazakh linguistics: textbook] [Text]. /Compiled by. : G. Anes. – Almaty : «Abzal-Ay» publisher, 2013. – 640 p.

3 **Amanzholov, S.** Til zhәне zhazu. – Yazyk i pismo [Language and writing: textbook] [Text]. – 2-edition. – Almaty : Qazaq universiteti, 2020. – 404 p.

4 **Mamanov, Y.** Qazaq til biliminin maseleleri [The issues of Kazakh linguistics: textbook] [Text]. – Almaty, 2014. – 640 p.

5 **Qaliev, G.** Til bilimi terminderinin sozdigi. [A dictionary of linguistic terms] [Text]. – Almaty : «Company «Ornak» LLP, 2012. – 388 p.

6 **Imambayeva, G. E.** Qazaq tili. Praktikalıy kursynyn zhumys dapteri [Qazaq language. The workbook of practical course: textbook] [Text]. – Almaty. Arys, 2014. – 212 p.

7 **Savignon, S. J.** Communicative Competence [Text] // The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching. – 2017. – P. 1–7. <https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0047>

8 **Karapetyan, O. V., Mayakovskaya, T. V.** Sopostovitelnoe lingvostranovedenie i fonovye znaniya kak osnovnoi predmet lingvostranovedeniya [Comparative linguistics and background knowledge as the main subject of linguistics] [Text] // Almanac of Modern Science and Education. – 2012. – № 4. – P. 120–123.

9 **Krawczyk-Wasilewska, V.** Polish Folk Tale Archive: From Analog to Digital. [Text] // Fabula, – 2023. – 64(1–2), P. 150–161.

10 **Lendo, S. J., Widodo, H. P., Fadlilah, S., & Qonnita, T. R.** Cultural representation in German as a foreign language textbooks used in Indonesia: A critical social semiotic analysis. [Text] // Foreign Language Annals, – 2023. – 56(3), P. 580–599.

11 **Xiong, K.** Folk Literature Production and People's Daily Life in the Hinter Land of Mount Ailao. [Text] // In 2nd International Conference on Culture, Education and Economic Development of Modern Society (ICCESE 2018). – 2018. – P. 437–440. Atlantis Press.

12 **Tomakhin, G. D.** Лингвострановедение. Что это такое? [Linguacountry studying. What is it?] [Text]. // Foreign languages at school. – 1996. – № 6. – P. 22–27.

13 Bilim turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 Zany [Education Act of the Republic of Kazakhstan # 319 from July 27, 2007] [Text]: //URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

14 **Kenzheaxmetuly, S.** Qazaqtyn salt-dəsturleri men ədet-ghyryptary [Traditions and customs of the Kazakh people : textbook] [Text]. – Almaty : Atamyr, 2013. – 384 p.

01.02.24 ж. баспаға түсті.

12.06.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Е. Имамбаева¹, Г. Ж. Асылханова², А. Б. Ахметова³

^{1,2}Инновационный Евразийский университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Павлодарский педагогический

университет имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 01.02.24.

Поступило с исправлениями 12.06.24.

Принято в печать 26.08.24.

ОТРАЖЕНИЕ В ЯЗЫКОВОЙ КОММУНИКАЦИИ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Статья посвящена отражению национально-культурного наследия казахского народа в языковом общении современного общества. В статье говорится о вкладе национально-культурного наследия в дальнейшее развитие казахского языка. Национально-культурное наследие – это духовное богатство, золотая сокровищница каждого народа. Национально-культурное наследие занимает особое место в языковом общении, что вызывает интерес к специфическим особенностям нации, открывает путь к укреплению отношений между людьми. Придерживаясь взглядов ряда ученых о национальном культурном наследии, рассматриваются вопросы определения особенностей языкового общения и влияния на них национально-культурных традиций. Понятие «национальное культурное наследие» в широком смысле, предполагает обычаи и традиции казахского народа. Посредством ряда примеров традиций составляющих основу национального культурного наследия, в статье дается определение того, что они представляют познавательную ценность языкового общения между людьми, расширяют кругозор, повышают уважение и интерес к своему народу. В современном обществе особую роль для дальнейшего совершенствования языкового общения между людьми играет национальное культурное наследие. Языковое общение имеет особое значение в жизни общества – это обмен мнениями посредством общественно-социальной информации, необходимой для развития общества, что составляет основу общечеловеческих отношений. Принцип, согласно которому национально-культурное наследие является источником языкового общения и духовного богатства, получил отражение в нашей статье.

Ключевые слова: национальное достояние, культурное наследие, языковое общение, традиции и обычаи, общественные отношения, социальные проблемы, развитие языка.

*G. E. Imambayeva¹, G. Zh. Asylkhanova², A. B. Akhmetova³

^{1,2}Innovative Eurasian University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Pavlodar pedagogical university
named after A. Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 01.02.24.

Received in revised form 12.06.24.

Accepted for publication 26.08.24.

THE IMAGE OF NATIONAL AND CULTURAL VALUES IN LANGUAGE COMMUNICATION

The article is devoted to the image of national and cultural heritage of Kazakhs in language communication in the current society. The paper deals with the contribution of national and cultural heritage to the development of Kazakh language. The national-cultural heritage is a spiritual wealth, a golden treasury of every nation; it occupies a special place in language communication and provides a certain interest to the specific traits of the nation as well as represents the way to strengthening relationship. The viewpoints of certain researchers of national-cultural heritage that determine the traits of language communication as well as the influence of national-cultural traditions on those traits have been considered. In the broad sense, the concept of «national-cultural heritage» means customs and traditions of Kazakh people. By means of certain traits in traditions that form the basis of national-cultural heritage those traits represent cognitive value of language communication, broaden horizons, increase respect and interest. In modern society, the national-cultural heritage plays a special role for the improvement of language communication. Language communication has a significant role in society –an exchange of viewpoints via information necessary for society development, which forms the basis of human relations. Our study reflects the principle that highlights national-cultural heritage as a source of language communication and spiritual wealth.

Keywords: national heritage, cultural heritage, language communication, traditions and customs, public relations, social issues, the development of the language.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz